



Qyzyljар

Gazet 2005 jylдың 1 қаңтарынан
shyға bastady

Petropavl qalalyq qoғamdyq-saiasi gazetі
№52 (1101) 25 jeltoqsan 2025 jyl

Qūtyqtau

Күрметті солтүстікқазақстандықтар!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүрекпен құттықтаймын! Біз өткен жылға көз жүгіртіп, атқарылған істерді саралап, алдағы мақсат-міндеттерді айқындаймыз. Өтіп бара жатқан 2026 жыл маңызды оқиғалар мен елеулі жетістіктерге толы болды және әрқайсымыздың жадымызда өзінің ерекше сәттерімен сақталары сөзсіз.

Биыл бірқатар айтулы мерейтойлар атап өтілді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы, ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы және басқа да маңызды мерейтойлар кеңінен аталып өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев азаматтардың әл-ауқатын арттыру мәселесіне айрықша көңіл бөліп, еліміздің қарқынды дамуына және қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған бастамаларды жүзеге асыруды тапсырды. Бұл басымдықтар Қазақстанның одан әрі өркендеуіне бағыт-бағдар болып отыр.

Солтүстік Қазақстан облысы үшін 2025 жыл даму көрсеткіштерімен есте қалады. Маңызды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып, жолдар, мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер жөнделіп, жаңалары салынды. Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы бағытындағы кәсіп-

